



Дәрістің тақырыбы: «Өнер философиясы»

*Дәрістің мақсаты: философиядағы өнер , көркемдік
таным және эстетиканың мәнін пайымдау*

Алматы-2024

ДӘРІСТІҢ ЖОСПАРЫ

- 1. Философия және өнер. Өнердің мәдени феномен ретіндегі өзіндік ерекшелігі, оның тұлғалық және әлеуметтік қызметтері.
- 2. Өнер философиясының негізгі категориялары. Философия тарихындағы өнерге деген көқарас.
- 3. Қазақ халқының өнер философиясы.

НАҒЫЗ ҚАЗАҚ ДОМБЫРА





«Әдебиет - сөз өнері. Мүсіншінің құралы - саз,
суретшінің құралы - бояу, әншінің құралы - үн,
бишінің құралы - қимыл болса, әдебиетшінің құралы
- тіл. Кескін, сәулет, сымбат өнерлері затты, нақты
болғанмен жансыз, қимылсыз, ал әдебиет кез келген
шындықты қимыл, қозғалыс үстінде құбылта,
құлпырта көрсете алады.

Зейнолла Қабдолов



«Жүректің соғысы - физиология, ал жүректің не қуаныштан, не үрейден барып бас алатын лүпілі - эстетика, өнер».

«Өмір - тән, өнер - жан; тән тұншыққанда - жан шыңғырады»

Асқар Сүлейменов

Асқар Сүлейменовтің «Өмір - тән, өнер - жан; тән тұншыққанда - жан шыңғырады» дегені, өнердің өмірдің өзінен, ондағы әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани болмыстың өзегінен өрбитінін еске салып тұр. Өнер-өмір, жүрек дірілі, жан айқайы, жанның рухы, қуаты. Ол сөз боп атылады, күй болып құйқылжиды, сурет боп салынады, сұңғат боп қаланады, мүсін боп құйылады, ою болып ойылады. Сөйтіп, өнерде әлем мен адам, болмыс пен ойлау біртұтастығы қалыптасады.

Н. Мусаева

Аристотель

Өнер дегеніміз, Аристотельдің пікірінше, өмірге, болмысқа, табиғатқа еліктеу (*мимезис*), бейнелеу. Оның соңғы нәтижесі, көрерменді қорқыныш, қайғыру сияқты түрлі сезімдерге бөлеу арқылы **катарсиске** жеткізу. Яғни катарсис біреудің қайғысына ортақтасу арқылы жанның, рухтың тазаруы.

Ал Платон бойынша өнер еліктеуге еліктеу. Себебі Платон үшін шынайы, ақиқат дүние идеялар әлемі. Табиғат, барша тіршілік ең ұлы суретші, жасампаз күдірет, әлемдік ақыл-ой иесі Құдайдың, яғни ең бірінші өнер иесінің туындысы. Сондықтан да адамдардың өнер деп жүргені еліктеуге еліктеу, көлеңкенің көлеңкесін салу.

Аристотель

- Аристотель алғашқылардың бірі болып жанрлар теориясы мен әдебиеттің тектері (эпос, лирика, драма) теориясын негіздейді. Өнердің қоғамдық міндетінің маңызына ерекше мән береді. Трагедия мен комедия, драма мен эпопеяның жайын баяндағанда еліктеудегі қимыл-қозғалыс, әрекет үстінде ойын жеткізбектің өнер иесі үшін маңыздылығына қатты көңіл бөледі. Туындының соңының қайғылы аяқталуын дұрыс деп есептейді. Себебі өмір, Платон айтқандай, өнер бейнелегеннен әлдеқайда күрделі, әлдеқайда сұлу. Платон ең керемет деген мүсін дейді, шынайы тірі адамның жанында сұрқай.
- *(Эпосқа - поэма, баллада роман, лирикаға адамның жеке көңіл күйімен байланысты туындылар, ал драмаға трагедия мен комедия кіреді. Эпика оқиғаға негізделеді, лирика адам жанын тебірентер немесе селт еткізер сәттік сезімдер, ал драмаға өмірдегі қайғы мен қасірет, ащы әжуа, күлкі шақыратын нәрселер арқау болады).*

Орта ғасырлар

- Ортағасырлық мәдениетте шығармашылық болмысын түсіну діни көзқарас тұрғысынан, яғни Құдай болмысты мәңгі жаратушы, оған өз үстемдігін жүргізуші ретінде түсініліп, Құдіреттің шабыттандыруынсыз ешбір шығармашылықпен айналысудың да мүмкін еместігі дәйектелді. Егер антикалық эстетикаға сәйкес, сұлулық, әсемдік идеалы гректерді таң қалдырған ғарыштық тәртіп пен үйлесімділікке байланысты космологиялық сипатта болып, тиісінше өнер табағатқа еліктеу саналса, ортағасырларда бұл түсініктің орнына, сұлулық пен әсемдікті әлемді мәңгі жаратушы Құдіретті күштің жер бетіндегі шұғыласы, мінсіз сұлулық, нағыз әдемілік, әсемдік тіршілікті жоқтан бар етіп жаратушы Құдайға тән деген түсінік қалыптасты.

Қайта өрлеу немесе Ренессанс

- Ал XIV-XVI ғғ. Еуропа Қайта өрлеу немесе Ренессанс аталатын дәуірге аяқ басты. Орта ғасырдағы құдайға ұмтылатын теоцентристік көзқарастар үстемдігінің орнына адам мәселесін алға қоятын ой-пікірлер қалыптасады. Осы кезеңде Италия, Испания, Франция, Германия, Голландия сынды бірқатар Еуропа елдерінде өрістеген Ренессанс гуманистік идеялардың алдыңғы қатарға шығып, өнер мен әдебиеттің де жаңғыру, даму дәуіріне айналды. Жаратылыстану ғылымдарындағы ізденістер жанданды

Қайта өрлеу дәуірінің эстетикасы

- Қайта Өрлеу дәуірінің эстетикасы өзінің антропоцентристік, гуманистік сипатына орай антикалық мәдениеттегі сұлулық идеаларын жаңғыртып, оны Платонның мәңгі идеялар әлеміндегі сұлулық идеалы тұғырынан алып, жердегі табиғат, тіршіліктің асқақ шыңы санаған шынайы өмір сүретін адам бойындағы сұлулық, әсемдікпен теңгерді. Олай дейтініміз көне гректер, сондай-ақ Платон эстетикасына сәйкес, сұлулық дене сымбаты мен күш-қуатта болатын. Көне мүсіндердің арасынан алып денелі адамдар бейнесінің көптеп кездесуі де сондықтан. Сонымен қатар Платон эстетикасы өзінің идеялар концепциясына сәйкес, сұлулықты көзге көрінетін заттар әлемінде емес, ақыл-ой арқылы ғана танылатын идеялар әлемінде деп білді. Дене сымбатын киім қалай жауып тұрса, дүниедегі шынайы сұлулықты да заттар әлемі солай жауып, көлегейлеп тұрады деп санады.

Жаңа заман

- Егер XV-XVI ғасырлардағы асқақтаған қоғамдық сана адамды еркін деп жариялап, оның шығармашылық болмысы мен жасампаздығын Құдаймен теңестірсе, XVII ғасырда ол, адамды табиғат деген ұлы механизмнің шағын буыны, кішкене ғана бөлшегі, және де сол табиғаттың заңдарымен өмір сүреді деп санады. Осыдан келіп, Жаңа дәуірдегі философия мен ғылымның жаңа міндеті келіп шығады. Бұл өнер, көркем эстетикалық танымға да қатысты болатын. Ол «ғылым ғылым үшін» емес, ғылым адамның Табиғатқа үстемдігін арттыруға көмектесуі тиіс деген ұстаныммен байланысты болды.

Ағартушылар мен материалистер

- Франсуа Вольтер, Жан Жак Руссо, Дени Дидро, Гольбах сынды ағартушылар адамның еркіндігі мен ақыл-ойының күшіне сенім артып, ақыл-ойды негізгі культке айналдырды. Феодалдық қоғамның қалдықтарын, дінді сынға алып, ғылыми-философиялық ойлаудың, көркем шығармашылықтың, адамдардың пікір айту қабілетінің еркіндігін жақтады. Олар классицизм идеяларын дамыта отырып, жоғары мүдделерді қолдап, жеке адамның ғана емес, сол уақытта қалыптасып келе жатқан орта буржуазияның, қарапайым халықтың талап-тілектерімен санаспаған саяси билік, олардың ұстанымдарын қолдаған классицистерге қарсы, үшінші сословие саналған орта буржуазияны жақтаушы, жалпыадамзаттық құндылықтарды ту еткен позицияны ұстанды.

Жаңа дәуірдің эстетикасы

- Олар да өнерді өмірге, табиғатқа еліктеу деп білді. Бірақ осы кезеңдегі философ әрі өнер теоретигі, француз ойшылы Дени Дидро ағартушылық реализм саналған өз ұстанымының классицистерден айырмашылығын қарапайымдылық пен табиғилықта деп санады. Ол классикалық өнерді, трагедияны жоғары бағалай отырып, өз тарапынан трагедия мен комедияны біріктіретін «байыпты комедияны» жасайды. Барлық ағартушылар сияқты Дидро да өнердің міндетін қоғамға пайда әкелу, адамдарды жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеу деп білді. Сонымен қатар Дидро ақиқат, ізгілік және әсемдікті қатар қояды. Және де оларға сирек кездесетін немесе көздің жауын алатын бір нәрсені қосатын болсаң, ақиқат әсемдікке, ал әсемдік ізгілікке айналып шыға келеді деп олардың бір біріне өтпелілігін көрсетеді. Сондай-ақ Дидро дүниені эстетикалық қабылдаудың, әсіресе, философ пен қарапайым адамды салыстырғанда әр түрлі болатынын жақсы аңғарған

Иммануил Кант

- Канттың «Пікір айту қабілетіне сын» (1790) атты қабырғалы еңбегі эстетика мәселесіне арналған. Егер оның «Мен нені біле аламын?» - ақиқат, таным, «Мен не істеуім керек?» - мораль, этика, «Неге үміт арта аламын?» - сенім, дін мәселесіне қатысты болса, оның аталған үш шығармасы да тиісінше, алғашқысы – таным философиясына, екіншісі – этикаға, ал үшінші «Пікір айту қабілетіне сын», ойшылдың бірінші, екінші және үшінші сауалдары жауап беретін – ақиқат пен ізгілікке – әсемдікті, яғни таным мен этикаға – эстетиканы қосып, осы негіздегі ойшылдың философиялық жүйесінің толықтай көрінуіне мүмкіндік берді.

Арсений Гулыга (1921-1996)

А.Гулыганың пікірінше:
«Кант, таным мен этика,
немесе ақиқат пен ізгіліктің
арасына, екеуін біріктіруші
буын ретінде әсемдікті
орналастырады.

Және оның қалған екеуінің
мәнін толықтыра түсетінін
айтады. Философиямен
танымның жүйесін әсемдік
теориясынан бастау керек
дейді. Яғни үшінші
«Сынмен» таныстық
алдыңғы екі «Сынмен»
таныстықтан бірінші жүруі
керек, сонда барып ізгілік пен
ақиқат мәні толықтай
ашылады».



Отандық философ Ғабитов Т.Х.

- Эстетикалық – бұл әсемдікке, тұрпайылыққа, асқақтыққа, таяздыққа, трагедиялыққа, комедиялыққа және өзге де өнер мен өмірдің сипаттамаларына тән жалпылықты бейнелейтін эстетиканың ең кең және фундаменталды категориясы.



ӘСЕМДІК

- Эстетикалықтың ең жоғарғы көрінісі өнердің кейпіне енетін *әсемдік* болып табылады. Демек, **әсемдік** – бұл «адам» туралы ұғымдардың бірі, өмірдің барлық күрделілігі мен тереңдігін қамтитын оның анықтамаларының бірі. Тек нақты өмірді ғана емес, әсіресе тарихтың өтпелі кезеңдерінде өзі тудырған өмірлік әлемнің шеңберінен тысқа шығып, адамзатты прагматикалық немесе утилитарлық өлшемдерге сыймайтын өзге бағамен бағалайтын рухани өмірді де қамтиды».

ӘСЕМДІК ПЕН АСҚАҚТЫҚ

- Кант рахаттанудың ауытқыған (потологиялық) және моральдық түрлерін ажыратады. Соңғысын басқаша айтқанда, рахаттану мен қанағаттанбау сезімдерін «құндылықтық эмоция» деуге болады.

Осы сезімдердің, яғни эмоцияның негізінде еркіндік пен табиғат арасын жалғаушы және екеуінің ортасында орналасқан өнерді жасаушы «пікір айту қабілеті» туындайды. Осыдан Канттағы ақиқат-ізгілік-сұлулық бірлігін көруге болады.

ЭСТЕТИКА

- Кантқа дейінгі зерттеушілер эстетиканы білімге де, моральға да жатқызған жоқ. Бірақ Кант олармен келісе отырып, антитезис ретінде: эстетикалықтың ақиқат пен ізгілік арасындағы жалғаушы буын екенін көрсетіп, дәл сонда теория мен практиканың кездесіп, бір-бірімен тұтасып кететінін көрсетті; оның бір бағытқа ғана қараған ескерткіш тәрізді емес, екі беті бар екенін айтты. Оның бір жақ беті әсемдік жайындағы – білімге қараса, екінші беті моральға қатысты – асқақтыққа қараған.

АСҚАҚТЫҚ

- «Түн – асқақ болса, күндіз – әсем. Асқақтық – толғаныстарға жетелесе, әсемдік – өзіне баурайды дейді. Әсемдік – нақты форманы иеленсе, асқақтықта ол жоқ. Немесе асқақтық формасыз нәрселерге де тән». Канттың пікірінше, әсемдікке қарағанда асқақтықта эстетиканың шынайы мәні айқындалады. Себебі, әсемдіктің өзі рахаттануды білдіреді (сұлу, әсем, көрікті нәрселер жай қарағанның өзінде көз қуантып, көңілді марқайтып, жағымды әсер сыйлауы мүмкін), ал асқақтық беретін ләззатты парасат-пайымның ұшқырлығынсыз сезіну де, бағалау да мүмкін емес.

АҚИҚАТ, ІЗГІЛІК ЖӘНЕ СҰЛУЛЫҚ

- Гулыганың ойынша, Канттың ілімі ақиқат, ізгілік және сұлулықтың өнерде тоғысатынын көрсетеді. «*Өнер табиғат емес*, ол еркіндік арқылы жүзеге асатын жасампаздық. **Өнер ғылым емес.** Ең бір жетілген білімнің өзі өнер табиғатын, өнер туындысының жасалу жолын түсіндіріп бере алмайды. *Өнер қолөнер кәсібі де емес.* Бірақ кез келген өнерге болсын, кәсіптің түріне де шынайы өнердегі тапқырлық, жасампаздық, идеалдылық артықтық етпес еді» деген тұжырым жасайды.

МЕХАНИСТІК ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ӨНЕР

- Кант өнерді механистік (егер ол танымды жүзеге асырса) және эстетикалық деп бөлуге де болатынын айтады. Соңғысын өз кезегінде ұнамды және әсем өнер деп бөледі. Ұнамды өнер – уақыт өткізуге, көңіл көтеруге, рахаттануға арналған. Әсем өнер болса жанның мәдени жағынан жетілуіне жағдай жасап, эстетикалықтың танымға ұласуына мүмкіндік жасайды.

ӘСЕМ ӨНЕРДІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Бұл бөліністің негізіне эстетикалық идеяның, басқаша айтқанда сұлулықтың көрініс беру тәсілін алады. Өнердің алуан түрлері дегеніміз – тиісінше сұлулықтың да алуан түрлері болатынын түсіндіреді. Сонымен қатар ойдың сұлулығы мен пайымдаудың сұлулығы да болуы мүмкін. Екінші жағдайда, суретші үшін не мазмұн, не форманың өзі материал болуы ықтимал. Нәтижесінде әсем өнердің үш түрін – сөз өнері, бейнелеу және сезімге әсер ететін деп бөледі. Сөз өнеріне – шешендік өнер мен поэзияны жатқызады. Кант үшін поэзия көркем өнердің ең жоғары түрі.